

Қазақстан Республикасы спортшыларының 1998-2000 жылдардағы өтетін кезекті Олимпиадалық және Азиялық ойындарға дайындығының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 27 желтоқсандағы N 1847. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Спорт командаларының Нагано қаласында /Жапония/ 1998 жылы өтетін XVIII қысқы Олимпиадалық ойындарға, Бангкок қаласында /Тайланд/ 1998 жылы өтетін XIII жазғы Азия ойындарына, Кангвон қаласында /Оңтүстік Корея/ өтетін IV қысқы Азиялық ойындарға және Сидней қаласында /Австралия/ өтетін XXVII жазғы Олимпиадалық ойындарға дайындығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Туризм және спорт комитеті Ұлттық Олимпиада комитетімен, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Спорт комитетімен бірлесе отырып және "Динамо" дене тәрбиесі-спорт қоғамының орталық кеңесімен, "Жастар" дене тәрбиесі-спорт қоғамының республикалық кеңесімен, спорт түрлері жөніндегі республикалық федерациялармен келісе отырып, спорт командаларын және жекелеген спортшыларды 1998-2000 жылдардағы кезекті Олимпиадалық және Азиялық ойындарға әзірлеуді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жыл сайын республикалық бюджетте "Дене тәрбиесі және спорт жөніндегі шаралар" бағдарламасы бойынша кезекті Олимпиадалық және Азиялық ойындарға командалар мен спортшылардың дайындығы мен қатысуына қаржы көздейтін б о л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Туризм және спорт комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып бір ай мерзім ішінде Олимпиадалық ойындарда 1-6 орындар және Азиялық ойындарда 1-3 орындар алған спортшыларға және олардың жаттықтырушыларына сыйақы төлеудің тәртібі мен мөлшері туралы нұсқаулықты әзірлесін және белгіленген тәртіппен бекітсін.

4. Облыстардың және Ақмола мен Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан

Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы" 1995 жылғы 4 мамырдағы N 2261 U952261_ және "1996-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 3276 U963276_ Жарлықтарын орындау
ү ш і н :

1998-2000 жылдардағы Олимпиадалық және Азиялық ойындарға қатысуға үміткер спортшыларға оларды дайындаудың нысаналы бағдарламасын орындауды қамтамасыз ететін қажетті жағдайларды жасауға;

спорт резервтерін дайындау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің жүйесін сақтауға және облыс орталықтары мен жекелеген қалаларда дарынды балалар үшін спорт мектеп-интернаттарын ашуға жәрдемдессін.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі